

Сыбайлас жемқорлықтан бос қоғамды құру үрдісінде кейбір тұжырымдамаларды қайта ойластыру

«Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы діни ұйымдардың рөлі» тақырыбы төңірегіндегі Астана қаласының діни бірлестіктерінің өкілдеріне арналған конференция үшін Қазақстан Баһаи қауымдастығының Қоғамдық Ақпарат Офісінің дайындаған құжаты.

Сыбайлас жемқорлықпен күресі барысында адамзат адамдар мен әр түрлі топтарды қадағалаудың көптеген механизмдерін жасап шығарды. Осы механизмдер шебер болған сайын, бақылаудың осы жүйелерін айналып өтудің әбден жетілдірілген әдістері ойлап табылады.

Қазіргі қоғамның басқа да дерттері тәрізді сыбайлас жемқорлық құбылысының өзі осы құбылыстармен күресу механизмдерін жасап шығару деңгейіндегі ғана емес, адамгершілік, экономикалық, әлеуметтік сияқты жеке адамдар мен қауымдастықтардың барлық деңгейлеріндегі түрленуді талап етеді. Адамдардың жүректері мен саналарындағы терең өзгерістер, жеке адамдарды, институттар мен бүтіндей қоғамды байланыстыратын қарым-қатынастар негізделетін және заманауи қоғам тап болатын мәселелер шешімдерінің жолдарын анықтайтын жорамалдар мен тұжырымдамаларды қайта қарастыру қажет.

Мәселен, адам – пайда табуға талпынатын, өз мүддесін ғана ойлайтын тіршілік иесі деген қазіргі экономикалық жүйеге кіріктірілген осы түсініктердің біреуінің ғана салдарын алып қарайық. Адамның рухани құраушысын, оның адал болу, әділеттілікті ұстану, жақындарының игілігіне қам жеу қабілетін ескермеуден осы зұлымдықпен күресуге деген күш-жігерлер қайта-қайта сәтсіздікке ұшырай береді. Адамды әділеттілік пен шыншылдық танытуға қабілетті рухани болмыс ретінде мойындау оның қоғам үшін игіліктерді өндіру мен жасаудағы орасан зор мүмкіндіктерін босата алатын, оның құндылықтарын дамыта алатын, адам дәрежесіне лайықты деңгейге көтере алатын әдіс-тәсілдер мен амалдарды іздестіруге алып келеді. «Адам – ең жоғарғы Бойтұмар. Дегенмен лайықты білімсіз ол табиғатынан бөленген нәрселерден айырылады... Оның қазыналарын тек білім ғана алып шыға алады және адамзатқа оны өз пайдасына қолдану үшін көмектеседі». Білім беру – білімнің біржақты саласын меңгеру немесе өміршеңдік дағдылар жиынтығын оқыту үрдісі ғана емес. Дамудың талабына айналуы тиіс білім беру сондай-ақ білім алу үрдісіне үйретуі тиіс, ақыл-сананың күштерін және пайымдау қабілетін қалыптастырып, соған қоса оқушының бойына қажетті адамгершілік қасиеттерді сіңіруі тиіс.

Осындай адамгершілік қасиеттердің бірі – бұл әділеттілік. Әділеттілік екі тірекке негізделеді – марапаттау мен жазалау. Адамдар марапатталуға үміттенуден немесе жазалану қорқынышынан әділеттілік танытады. Осы екі сезім бір адамдардың басқа бір адамдардан қысым көруіне жол бермеу үшін қажет. Заң шығарушылар мен заңдарды орындаушылар өз шешімдерінен кейінгі салдардың рухани қырын ұғынулары тиіс. Адам өзінің іс-әрекеттері үшін келесі өмірде жауап беруге тиіс болатынын білгенде, ол әділ әрекет етеді.

Осындай адамгершілік қасиеттердің тағы біреуі – бұл Құдайдан қорқу, ол барлық уақытта адамдарды тәрбиелеудің әсерлі құралы және адамзат қорғанысының тәсілі ретінде қызмет

етті. Бұл адамды төмен әрі лайықсыз әрекеттерден қорғайтын және ұстап қалатын әрі ұят сезімі ретінде белгілі қабілет.

Баһаулланың сөзіне сай, «Заңдар мен өсиеттерді баяндау кезінде олардың бір бөлігі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және олардың қорғанысы үшін әсерлі құрал болып табылатын жазалауға арналған болатын. Дегенмен де жазаланудан қорқу адамдарды төмен әрі жиіркенішті іс-әрекеттерге барудан ұстап қалатын сыртқы жағдай ретінде ғана қызмет етеді, ал адамды сырттай да, іштей де қорғайтын және тоқтататын нәрсе бұл Құдайдан қорқу болды және әрдайым бола береді».